



Автор: Шуренова Гаухар Сагидуллаевна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Саяхат

Тақырып: П дыбысы мен әрпі.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	<u>1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту</u> <u>1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту</u> <u>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту</u>
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар: Жаңа білімді меңгереді. Көптеген оқушылар: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды.</u> <u>Кейбір оқушылар: Алған білімді өмірде қолдана алады. Дыбыстық талдау жасай алады.</u>
Тілдік мақсаттар:	оқу
Күтілетін нәтиже:	<u>Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.</u> <u>Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады</u>
Бағалау критерийлері:	<u>Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.</u> <u>Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.</u>
Құндылықтарды дарыту:	<u>Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу</u>
АКТ-ны қолдану дағдылары:	<u>Интер белсенді тақта , таныстырылым</u>
Пәнаралық байланыс:	<i>Өнер, ана тілі сабағы</i>
Бастапқы білім:	Психологиялық дайындық Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз Құрметпенен сіздерге, Бас иеміз біз! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<u>Топқа бөлу Геометриялық фигураларды пайдаланып топтарға бөлу</u> <u>Қызығушылықты ояту</u> <u>Жұмбақ Қорықпайды күшті аңнан Қорқады тек тышқаннан (Піл)</u>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	: Оқулықпен жұмыс Қарамен жазылған сөздерді буындап оқу Апа, апан, пана, сап, қап, тап, арпа, атпа, теппе, ақпан, қақпан, кептер, әріп, Әлима, әдеп Кірпі мен қоян сахналық көрініс Оқушылар сахналық көрініс қояды «Әдемі» сөзіне мағынасы жуық сөздер тапқызу Көрікті, келбетті, сулу, сымбатты, көркем Дәптермен жұмыс «П» дыбысының үлгісін дәптерге жазады : Сергіту сәті Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі 6-әрекет: Топпен жұмыс Топқа бөліп тапсырма беру. 1-топ «П дыбысы» бар сөздерді тап Кептер, қалам, қолғап, кітап, апа, кеме, үтік, апан, парта, ауа, ата. Дискриптор Сөздерді оқиды «П» дыбысы бар сөздерді табады 2-топ «Апан» сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар Дискриптор Сөзді оқиды Дыбыстық талдау жасайды 3-топ «Шашылған әріптер» ойыны Оқушыларға кеспе әріптер беріледі, сол әріптерден сөздер құрастыру Дискриптор Әріптерді таниды Әріптерден сөздер құрайды 4-топ «Пана» сөзіне дыбыстық талдау жаса Дискриптор Сөзді оқиды Дыбыстық талдау жасайды 5-топ Өлеңнен «П» дыбысы бар сөздерді белгіле Пайдалы деп пияз жеп Парлады жас көзімнен Піссінші біраз деп Пысылдадым төзіммен Дискриптор Өлеңді оқиды «П» дыбысы бар сөздерді табады Жұптық жұмыс: «Жоғалған әріптер» ойыны . Оқушылар түсіп қалған әріптерді жұпта табады Ке...тер, а...ан,ана, қақ....ан, ...арта, а...а	
Сабақтың соңы	Рефлексия «Тілек ағашы» оқушылар сабақтан алған әсерлерін стикерге смайлик арқылы суретін салып жабыстырады	
Рефлексия	Оқушылардың деңгейін тексеру	